

Кеңпейіл Жанарбек Кеңпейілұлы

k_janarbek@yahoo.com

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Саясаттану» мамандығы 2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
Ғылыми жетекші- Қаленова Т.С.

«Диаспора» деген сөздің өзі грек тілінде «шашырау», «шашырай орналасу» дегенді білдіреді. Ұзақ уақыт өз Отанынан тыс өмір сүрген және жергілікті тұрып жатқан жерінде аз этностық топ боп саналатын ұлтқа берілген атау.

Түркия қазіргі уақытта әртүрлі кездерде туған елден сырт елге көшуге мәжбүр болған көптеген ұлттың Отаны болып келеді. Бүгінде Түркияда 72 аз этностық топ бір шаңырақтың астында өмір сүріп жатыр. Солардың бірі қазақ диаспорасы. Түрк еліне қазақ этностық тобы 1952 жылы Түркия Ұлы Ұлттық Жиналысының шешімінен кейін Премьер-Министрі Аднан Мендерестің жетекшілігімен көші-қонның алғашқы легі Пәкістаннан Түркияға көшіп келді. Бұл көш төрт жылдық бір уақыт ішінде аяқталды. Алғашында Қытай Халық Республикасынан көш еткен қазақ саны он сегіз мың адам екен, солардың бес мыңы ғана Үндістанға жетіп, одан кейін Пәкістанға орыналасқан. Ал Пәкістаннан Түркияға жалпы саны екі мың ғана қазақ қоныс аударды[1].

Түркиядағы қазақтар бүгінде Ыстанбұлдың Зәйтәнбұрын, Гүнешлі Қазақкент, Күчүкчекмеже және Сефакөй сынды аудандарында, Манисаның Салихли ауданы, Нығде қаласының Улуқышла ауданы, Конияның Исмиль-Эрегли ауданы, Кайсеридің Девели, Яхьялы, Йелишисар аудандары және Ақсарайдың Сұлтанхан елді мекендерінде орналасқан. Бұл аудандардың географиялық жағдайы далалық, таулық жерлер болып есептеледі. Оның себебі қазақтар Пәкістанда болған кезде Түркия елінен сауалнама жүргізілген. Сауалнамада Түркияның қай жеріне барып, қандай іспен шұғылданғысы келетіні сұралады. Көбісі ата кәсібі болған көшпенді халықтың ұрпағы болған соң, мал шаруашылығын тандайды. Түрік елі де соған байланысты ауылдық жерлерге жіберіп баспанамен қамтамасыз етіп, мал бағу мүмкіндіктерін жасайды. Десек те, 1960 жылы жұмыссыздық салдарынан қазақтар ауылдан Ыстанбұл сияқты үлкен қалаларға қоныс аудару бастады. Сол жылдары Германия мен Түркия арасында жұмыспен қамту бойынша келісім шарт жасалынған еді. Көптеген түрік жұмысшылары сияқты Анадолы қазақтары да Германияға көшкен. Бұл Еуропа елдеріне қоныс аударған қазақ көшіннің ең алғашқы легі еді. Кейіннен жұмысшы мәртебесімен Франция, Бельгия, Нидерланд, Швейцария, АҚШ сияқты Батыс елдеріне де қоныс аудару бастады.

Түркиядағы қазақтарын көбісі бұлғары бұйымдар тігетін тері фабрикасын ашса, әйелдері тігін сияқты шағын бизнеспен айналысады. Осылайша, терлік кәсібінің дамуына өзіндік үлестерін қосып келе жатыр. Ашқан фабрикаларының атауына өздерінің тарихи сағынышындан Алтай, Түркістан сияқты атаулар берген [1, 180].

Кайсери провинциясына орыналасқан қазақтар 1982-1990 жылы арасында Ауғанстан қоныс аударып келгендер. Президент Кенан Эврен 1982 жылы Ауғанстанға жасаған сапарынан кейін 60 отбасы шамамен 250-300 адамнан тұратын алғашқы топты Кайсери қаласының аудандарына әкеп қоныстандырды. Осы көші-қон 1990 жылға дейін жалғасты, сол жылдар арасында 5 мыңға жуық қазақ Ауғанстаннан Түркияға көшіп келді [2].

Түркияда нақты қазақ саны белгісіз. Мимар Синан университетінің профессоры, алаштанушы-ғалым Әбдіуақап Қара берген сұхбатында қазақ санының әртүрлі болжамдармен айтылып жүргенін айта келе, шамамен 25 мыңнан аса болуы мүмкін дейді. Түркияда жеке басын куәландыратын құжатта да ұлты жазылмайды. Сондай-ақ, халық санағы жүргізілгенде де ұлттар санына нақтыланбайды. Сондықтан жергілікті қазақтарын

нақты санын анықтау біраз қиыншылық тудыратыны сөзсіз. Бұл Түркияда ғана емес Иран және тағы басқа көптеген мемлекеттерден де көруге болады.

Түркиядағы қазақ диаспорасы басқа шет елде өмір сүріп жатқан диаспоралармен салыстырып қарағанда әлеуметтік, экономика жағынан жоғары, бақытты өмір сүріп жатқанын байқауға болады. Оның бірнеше себептері болуы мүмкін. Атап айтқанда, бауырлас түбі бір түркі елінен таралуымыз, ортақ ислами құндылықтарын бөлісіміз, сондай-ақ, қазақтардың еңбекқорлығының нәтижесінде қол жеткізген жетістіктерінің жемісі деуге болады.

Қазақ көшінің шығу тегі (географиялық) (шыққан елі немесе кейіннен қоныстануы) жалпы үш елден тұрады: Қазақстан, Қытай және Түркия. Осы елдер арқылы дүние жүзіне таралды. Анадолы қазақтарының көбі Германия, Франция, Швеция, Нидерланды және Австрия сияқты елдерге барып, жұмыс істей бастады. Жұмыстан тыс Еуропада тұрақтап қалған қазақтар, сол жерде түрлі ұйымдарға кіріп бірлік пен ынтымақтастық аясында бірге жұмыс істеп тәжірбие жинады. Кейіннен өздері қайырымдылық ұйымдары мен бірлестіктер құрғаны мәлім. Бұл ұйымдар арқылы Түркия мен Еуропадағы қазақ жастарының біліміне көңіл бөлініп, ЖОО-да оқуларына мүмкіндік туды [3].

Түркия қазақ диаспорасын айтқанда Еуропа қазақтары да бірге назарға алынады. Түркиядағы Анадолы қазақтары болсын, Еуропаға көшкен қазақтар болсын қазақ тілін жылдан жылға ұмытып бара жатыр. Қазіргі уақытта мемлекеттік, қоғамдық орындарда жергілікті жердің тілінде сөйлесе, отбасы ортасында түрік тілінде қатынасады. Үлкен буын өкілдері ғана түрікше, қазақша аралас сөйлесіп, түсініседі. Қазақ тілі отбасы шеңберінде үйретіледі, курстарда да оқытылады, бірақ жастар қазақ тілін өте төмен деңгейде біледі. Сол себепті, Түркиядағы қазақ зиялы қауымдары алаңдаушылық танытып келеді.

Қазақстан Республикасына сырт жерлердегі қазақтардың оқу-білім, мәдени-рухани жағынан көмек көрсету жақтары қараастырылуда. Түркияда қазақ тілінде сабақ беретін мектеп жоқ. Фараби, Абай атымен аталған мектептер қазақ тілінде емес, түрік тілінде сабақ береді. Түрік еліндегі қазақ диаспорасы қазақ халқының салт дәстүрін танытуда болсын, екі елдің достастық пен ынтымақтастығын арттыру мақсатында орындалып жатқан жұмыстар өте көп. Сонымен қатар, Түркия қазақтары өз зиялыларын қалыптастырып үлгерді. Атап айтсақ 1992 жылы Қазақстанға қоныс аударған Құран Кәрімді алғаш қазақшаға аударған Халифе Алтай. Қазіргі кезде белгілі тарихшы-ғалым, шоқайтанушы Әбдіуақап Қараның іргелі ғылыми зерттеулерін айтуға болады. Анадолы қазақтарының арасында мемлекеттік мекемелерде, Парламент палатасында, Сыртқы істер министрлігінде, университеттерде қызмет атқаратындар бар. Сондай-ақ, Еуропадағы қазақтар да саяси алаңда өздерін көрсете бастады. Ешим Саваш 2020 жылы 28 маусымда Францияда өткен жергілікті сайлауда Креиль облысы әкімінің орынбасары болып сайланды. Әкесі Франциядағы Қазақ-Түрік қауымдастығының президенті [4].

Анадолы қазақтар ашқан қайырдылық қорлары, Қазақ Түрік Қайырымдылық қоры, Қазақ-Түрік білім беру және зерттеу қауымдастығы, Шығыс Түркістан Иммигранттар қауымдастығы, Алтай ауылының қыздар қауымдастығы, Носа Ahmet Yesevi Science және Ирфан қор, Қорқыт ата қауымдастығы, Қазақ түріктері әлеуметтік көмек және ынтымақтастық қауымдастығы, Еуропада тұратын қазақтардың өздерінің бірлестіктері бар. Мысалы, Лондон қазақтар қауымдастығы және т.б. [3, 73].

Сая Габбосованың 2017 жылғы жазған «Алтайдан Анадолыға көшкен қазақ - түріктерінің әлеуметтік және мәдени жағдайы» атты магистрлік диссертациясында Анадолы қазақтары деп саналатын қазақтарға сауалнама жүргізген. Сауалнамда: Түркиядан басқа қандай мемлекетте өмір сүргіңіз келеді? Одан кейін Қазақстанға көшкіңіз келмей ма? деген сұрақтар қойылады. Анадолы қазақтарының көпшілігі Қазақстанға қоныс аударуға әзір дайын емес екендігін жеткізген. Оған себеп өмірді қайтадан бастаудың қиыншылықтарын айтады: үй, білім, жұмыс, әлеуметтік араласу, тіл, жаңа ортаға

бейімделу деп көрсетеді. Бірақ балаларының Қазақстанда білім алып ары қарай жұмыс істеп этникалық Отанында орнығып қалуын қалайтынын айтады.

Қазақстан мен Түркия арасына көпір болып отырған екінші диаспора Ахыска Түркітері. Ахыска Түркітерінің орны Түрік елі үшін ерекше. Түркия елінің үкіметтік ресми сапарлармен келген кезде екінші боп табан тірейтін жерлерінің бірі. Ресми деректерге сүйенсек, 1944 жылы өз жерінен қуылған Ахыска түріктер Кавказия мен Орта Азияның әртүрлі жерінде мекендей бастайды. Қазақстанға шамамен 30 мың жуық адамы қоныстанады. Қазіргі уақытта дүниенің 15 мемлекетінде орналасқан. Осы елдердің ішінде ең көп халқы Қазақстанда өмір сүріп жатыр[5]. Ахыска түріктерінің тарихи Отаны Түркияның солтүстік шығысы, Түркия-Грузия шекарасына жақын жерде орналасқан (Карс, Батуми, Тбилиси үш бұрышының ортасында). Бүгінде Грузия территориясындағы аймақ, Түркияның Ардахан провинциясымен шекараны құрайды [6]. Бұл жер егіншілік пен мал шаруашылығына қолайлы өзенді алқап. 1944 жылға дейін бұл аймақта түрік халқы басым болса, 1944 жылдан кейін бұл жерге грузиндер мен армяндар қоныстана бастады[7]. Қазақстанда Алматы, Шымкент, Тараз және Қызылорда қалаларында тұрады. Жалпы саны 2018 жылғы дерек бойынша 200 мыңның үстінде [8].

"Ahıska-Ахыска" газеті 2000 жылдан бастап қазақ, түрік, және орыс тілінде хабар таратып келеді. Қазақстан бойынша жалғыз басылымның бірі. Сонымен қатар, 2008 жылы 18- қарашада Ахыска түркітерін бірлестігі DATÜB құрылды. Бұған 9 мемлекетте тұратын ахыска-түріктерінің қоғамдық ұйым өкілдері қатысты. Бұл жиынға Түркия президенті Абдулла Гүлде қатысып, ұйымның құрылуына мұрындық болды. Ол өз сөзінде: «Сіздер 9 мемлекетте тұрғанмен көтеріп отырған сұрақтарың бірдей, бірақ оның шешілу жолдары әр жерде әртүрлі». Олардың құрамында Қазақстан, Әзірбайжан, Түркия, Өзбекстан, Грузия, Қырғызстан, Украина, Ресей, Америка енді. DATÜB төрағасы ретінде Зиятдина Касановты сайлады. Ал бұл ұйымның басты мақсаты әлем бойынша тарыдай шашылған халықтарды біріктіру, оларды алаңдатқан мәселелерді шешілуіне көмектесу. Ал Зиятдина Касановтың 2021 жылы Қазақстан Республикасының парламенттік сайлауында Ассамблеясы мандатымен депутат болды [9].

Қазақстан 140-қа жуық ұлттың Отаны болып келеді. Бүгінгі күні бірлік пен татулықты дәріпттеген Қазақ елі бір шаңырақ астында біртұтас елге айналып тату-тәтті өмір сүруде. Солардың бірі Ахыска түркітер диаспорасы. Қазақстан халқы Ассамблеясы аясында өздерінің ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрін, ең маңыздысы тілдерінің ұмытылмай сақталуы үшін ұлттық мәдени орталықтар ашып жұмыс істеуде. Сонымен бірге, қазақ тілінің дамуына және өрісінің кеңеюіне ат салысып келе жатыр. Ахыска түркітерінің көбісі өзге ұлттарға қарағанда үш тілде қатынаса алатыны, әсіресе, қазақ тіліні жетік меңгергенін көруге болады. Бұл этностық орталықтар республикалық, облыстық және аудандық болып жұмыс істеуде. Осы этномәдени орталықтар Президенттік жолдау болсын, үкіметтік атқарылатын іс шаралары болсын халыққа, соның ішінде жастарға насихаттауда орындары ерекше. Қазақ елінің дамуына өздерінің үлесін қосып жүр. Мемлекеттік мекемелерінің әртүрлі саласында, атап айтсақ, Парламент, Министрліктерде жұмыс жасап жатыр. Ахыска түріктері Қазақстанмен Түркия арасындағы байланыстардың нығаюына қосып жатқан үлестері зор. Сондықтан да болар Түрік елінен келген үкіметтік делегациялар үнемі қазақ халқына Ахыска түріктерін қолдап отырғандары үшін алғыстарын айтуда. Қазақстан қазақ жерінде диаспора болып отырған ұлттарға қазақтың қонақжайлығын көрсетіп отыр деуге болады. Жан-жақты қолдаулар жасалынып келеді. Соның ішінде ең маңыздысы өз тілдерінде білім алатын мүмкіндіктерінің болуы. Бірақ осы жағыннан қарасақ, Түркиядағы қазақтардың өз тілінде білім алу мүмкіндігінен айырылғаны және шешілмеген мәселелерін қатарында болуы алаңдатады. Түрік елі Ахыска мешеттік түріктер мәселесінде көп түрлі саяси жол іздеуде. Атап айтсақ, біріншіден, Түркияға көшіп келуіне мүмкіндік жасап отыр. Сол себепті 2000 жылы сәуірдің 1 Түркияға келген Ахыска түріктерінің № 10856 Министрлер кеңесінің қаулысына сай ықтияр хаты бар мешеттік түріктердің барлығын азаматтыққа

қабылданды [10]. Сонымен қатар, болашақта көшіп келушілердің азаматтық алу жолын жеңілдетті. Бірақ Ахыска түріктерінің Түркия қоныстануынан көп Грузияға көшуі тиімді болып отыр. Сондықтан Грузия еліне мекхет түріктерінің тарихи Отанына оралуына мүмкіндік жасап, қолдау көрсетуді сұрап келеді. Түркия тарапынан әртүрлі көмек көрсетілуде. Соңғы жылдары мекхеттік түріктерін тарихи Отанына оралғандар саны артқан. Бұл мәселенің осындай жағрапиялық тұсы Түркия үшін маңыздылығы қандай? Еуропалық көлік дәлізі жобасы, Карс-Тбилиси теміржол жобасы, Баку-Тбилиси-Джейхан, шикі мұнай құбыры жобасы және Шахдениз табиғи газ құбыры жобалары осы жағымен тығыз байланысты.

Қазіргі уақытта мекендеп отырған ұлттар: Ахылелек (армян), Цалка (армян), Марнеули (Әзірбайжан), Тбилиси (Грузия) Түркия үшін ғана емес басқа державалар үшін маңызды. Сондықтан Түрік елі болашағын сақтандыру үшін Ахыска түріктерін осы елді мекендерге көшіру саясатын жүргізіп жатыр.

Қорыта айтқанда, Қазақстан мен Түркия арасында диаспора мәселесі қазіргі кезде өміршең, маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Халифе Алтай. Атаюрттан Анадолыиа: Анкара күлтүр бақанлык иаиынлары.-1981.-72
2. <https://www.abdulvahapkara.com/karavahap-2/>
3. Габбосова Сая. Алтайлардан Анадолыиа көш еден Казак түрклерінде сосио-күлтүрел япы. -Магистрлік диссертация.- 2017.- 40 б.
4. <https://gazetebalkan.ro/2020/06/30/fransada-secilen-turk-belediyeciler/>
5. Рехман Сеферов-Айқан Акыш. Совет дөнемінден гүнімізе Ахыска Түрклерін яшадықлары жағрафияиа генел бакыш,Түркіие араштырма дергісі 24 гүз дөнем.- 2008.- 411 б.
6. Расим Байрактар. Ахыска шылдыр бейлербейлігі, яшайан кітап яайневі.- Ыстанбұл, 2000.- 32 б.
7. Юныс Зейрек. Ахыска бөлгесі уе Ахыска Түрклері, позитив матбажылык, Анкара, 2001. - 23 б.
8. <https://assembly.kz/news/akhyska-t-rikterini-aza-stan-a-zher-audaryl-anyna-74-zhyl/>
9. <http://www.ahiska-gazeta.com/kz/pages/17.html>
10. Ахыскалылар илгили бүгіне кадар шыкан канунлар уе сон дурумы. Акыскалылар дергісі сайы.-2001-26 б.